

«Келісемін»

Балабақша әдіскері

Л.Н.Жумабекова 

«Бекітемін»

«Алақай» балабақшасының

менгерушісі

И.К.Байсултанова 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы.

Білім беру ұйымы:

«Алақай» балабақшасы»

«Құлыншақ» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі:

1 апта, 06.05-10.05.2023 жыл.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 06.05.2023.	Сейсенбі	Сәрсенбі 08.05.2023	Бейсенбі	Жұма 10.05.2023
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың үйде күн тәртібін сақтауларын және уақтылы ұйықтау керектігін талап ету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Максат-міндеттер. Еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. (еңбек дағдылары)		"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Максат-міндеттер. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты,		"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту". Максат-міндеттер. Балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды

			тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету. (еңбек дағдылары)		пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
	«Ұлттар достығы» тақырыбында фотосуреттер карастыру. Суреттер бойынша әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Бояу беттеріндегі суреттерді бояу. Мақсат-міндеттер: ұлттар достығы тақырыбында бояу бояту. (сурет салу)		Құрастырудан ойын- жаттығу "Отан қорғаушыларға сыйлық". Мақсат-міндеттер: балаларды қалдық материал: ысқыштан танкті құрастыруға үйрету. Көршілермен сыйластық туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)		Ритмикалық жаттығулар Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (марш жасайды) Адыммен бір келкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді) Біз жауынгер баламыз. (қолдарын бас тұсына қояды) Бір екі, бір екі, жігерлі әі саламыз. (марш жасайды) Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде (қолдары бас тұсына қояды) Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын бас тұсына қойып, марш жасайды) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (секіртпемен) 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені екі бүктеп төменде ұстау.				

	1 - оң аяқты ұшына қойып, секіртпені жоғары көтеру; 2 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығуды сол аяқпен қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпені төменде ұстау. 1 - секіртпені жоғары ұстау; 2 - оңға бұрылу; 3 - тіктелу; 4 - бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: аяқты алшақ ұстап, отыру, секіртпені жоғары ұстау. 1-2 - еңкейіп, секіртпені аяқтың ұшына қою; 3 - 4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: тіземен отырып, секіртпені төменде ұстау. 1 - 2 - оң жамбасқа отыру, секіртпені алдына шығару; 3 - 4 - бастапқы қалып. Жаттығуды сол жақ жамбасқа қайталау. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 5. Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, бүгілген қолымен секіртпені ұстап, алдына қою. 1-2 - бүгіліп, қолдарын алдына-жоғары созу; 3-4 - бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, қол төменде, секіртпе жерде. Секіртпемен айналып секіру. Жаттығуды 8-10 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, секіртпе төменде (секіртпенің екі жағынан екі қолымен ұстау). 1 - секіртпені алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2 - бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. (дене шынықтыру)
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Таракты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамақтану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. <i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырмас! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Достық» шеңбері. Дос болам десең, Досынды сыйла, қымбаттым! Досыма сонда, Досымен ғана қымбатпын. - Ол - қуаныш, махаббат және достық шуағы. Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. Жеңіс күнін тойлаймыз тақырыбында сұхбат жүргізу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашанда сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! Жарты шеңбер жасап отырады. Бәрі бірге айтады. Ел, бейбітшілік, туған жер тақырыптарына байланысты мақал- мәтелдер жаттау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		«Қайырлы таң». Бақшамызға барғанда, Жолыққан бар жандарға. Ертемен, ақ пейілмен, «Қайырлы таң!» - деймін мен. Күндіз де елді елеймін: «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін, Не дерімді білемін: «Кеш жарық!» - деп кіремін. Ұлы ардагерлер көрмелерін ұйымдастырып, хикаяларын айтып беру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша		Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша		Дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				

Серуен	Шырша, қарағай, жөке ағаштарын бақылау. Жапырақты ағаштармен салыстыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Үстінде жасыл тоны бар. Балаларды қуантар. (Шырша) Бақылау. Балаларды ағаштардың құрылымын салыстыруға, қарастыруға қызықтыру. Шырша мен қарағай, олардың белгілерін ажыратуға үйрету, бұтақтардың қалыңдығы мен орналасуы (қарағайда бұтақтары жоғары, шыршада төменіне дейін). Олардың бояулары (қарағай –		Бағбанның жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркем сөз. Жеміс біткен бау-бақша Желі жайды жан-жаққа. Бақта құс та сайрады, Құйқылжытып сан-саққа Қолға ап бақша құралын, Суды атызға бұрамын. Ағаш түбін қопсытып. Арам шөпті жұламын. Бақылау. Үлкендердің жұмысы жөніндегі түсінікті қалыптастыру. Жұмысқа қажет құрал-саймандармен таныстыру (тырнауыш, күрек, сукұйғыш т.б.). Бағбанның жұмысының нәтижесіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Біз көңілді балалар». (дене шынықтыру) Құрдастары және ересектермен жағымды эмоционалдық қарым-қатынас жасау дағдыларын дамыту. Еңбек. Гүлдерді күтуде бағбанға көмек. (еңбек
--------	---	--	---

акшыл, шырша - жасылдау), жапыракты және жөке ағаштарын салыстыру, ерекшеліктерін көрсету. Жөке ағаштары жіңішке, ұзын және жапырақтары ине тәріздес қатты келеді. Қимылды ойын. «Бөркінді тап». (дене шынықтыру) Жоғарыға секіруге үйрету; физикалық сапасын шапшаңдығын, ептілігін ұйымдастыру қажеттілігін жалғастыру. Еңбек. Жөке ағаштарының маңын тазарту. Жөке ағаштарын курап түскен қылқанын жинастыруға, ағаштарға жақсы қарауға ұмтылдыру. Жинақылыққа		дағдылары) Тапсырмаларды орындауға үйрету, жұмысты ұжыммен келісіп орындауға үйрету. Өз бетімен ойындар. Доппен ойнау. (дене шынықтыру) Доппен ойнау әдістері: жоғары лақтыру, ұстап алу, тебуді бекіту, жылдамдыққа баулу.		қызықтыру. Еңбек. Құмды копсыту. (еңбек дағдылары) Жұмысқа жауапкершілікпен қарауға, үлкендерге көмектесуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: Құмнан шаһар жасау. Балалар ақылдасып не салу керек екенін шешеді. Ұжым болып жұмыс істеу дағдыларын арттыру.
---	--	---	--	--

	тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Балаларға өз орнын сақтауға үйрету. Ойын жүрісінде қажет болған жағдайда 2-3 рөлдерді де орындауға үйрету; қарым-қатынас ережелерін білу, тең дәрежеде болу және басқару.				
Серуеннен оралу	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамактанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту. Тамактану әдебін сақтау. Тамақты асықпай шайнау, асхана құралдарын (қасық, шанышқы), майлықты дұрыс қолдану, тамақтанып болғаннан кейін ауызды шаю. <i>Көркем сөз</i> Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне, дәмді тағам! Міне, пайдалы ас! Қасық түк те қалдырмас! (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	«Алтын санаған аштан өледі» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)				
Бірте-бірте	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім"				

тұрғызу, сауықтыру шаралары	Мақсат-міндеттер: тыныш ұйқыға қолайлы жағдай ояту. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Көлшіктегі үйректің балапандары". Мақсат-міндеттер: балаларды үйректің балапанымен таныстыру, композиция жасауды үйрету. Ұлттық ойын. Ақсерек - көксерек Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20-30 қадам. 1-ші топ. Ойынды бастайды Ақсерек-ау, ақ серек, Бізден сізге кім керек. 2-ші топ.		Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жауынгерлер маршы. Тілдің дыбыстық мәдениеті: [-ң] дыбысы". Мақсат-міндеттер: балаларды дауыссыз [Н] дыбысымен таныстыру; буын мен сөздердің құрамында дыбыстың болуын түсіндіру; әскері қызмет ұғымы туралы негізгі мағлұматтар беру. Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Әскери көліктерге арналған ені әртүрлі жолдар". Мақсат-міндеттер: балаларда біркелкі заттардың шамасы, төрт түрлі ені туралы ұғымдар қалыптастыру.		Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Көгершін". Мақсат-міндеттер: балаларды Т. Таймасұлының "Көгершін" өлеңімен таныстыра отырып, көгершінді бейбіт елдің тірегі мен белгісі ретінде сипаттайтын көркем сөздерді қайталап айтуға үйрету және жаттату.

	Ақсерек-ау, ақ серек, Сізден бізге ... (бала аты) керек. Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді. (дене шынықтыру)			
Балалармен жеке жұмыс	Геометриялық пішіндерді үйрету. Амир Адиля Арман		"Қайсар рухты баламын" такпағын жаттау. Алатау, Алтай арасы – Қазақтың кең даласы. Мен боламын сол елдің Қайсар рухты баласы. Өсіп, өніп, ержетіп, Ақылымды өрлетіп. Елімнің атын шығарам Мықты елдермен тең етіп. Д.Сүлейменов (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Алима Арайлым Шахнур	Бір екі, бір екі, аяқты аламыз. (марш жасайды) Адыммен бір келкі, сап түзер баламыз. (сап түзейді) Біз жауынгер баламыз. (қолдарын бас тұсына қояды) Бір екі, бір екі, жігерлі ән саламыз. (марш жасайды) Тізіліп бір келкі, ертең өсіп жеткенде (қолдарын бас тұсына қояды) Ел қорғайтын боламыз. (қолдарын бас тұсына қойып, марш жасайды)

					(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп салуға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға үйрету. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, кимыл) қолдануға, еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 4-5 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-	Кеңес: «Баланы ұлтжандылыққа		Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту; апта	Жоба: "Ұлы Отан ардагерлері".	«Майдангер аталар» атты тақырыбында сурет

аналарға кеңес)	тәрбиелеу жолдары».		тақырыбы бойынша сұрақ қою, әңгімелесу.	Балалардың майданға қатысқан ата-әжелерінің фотосуреттерін әкеліп, көрме ұйымдастыруға тапсырма беру.	көрмесін ұйымдастыру.
-----------------	---------------------	--	---	---	-----------------------

Тәрбиешілер

**Каримова Г.М
Кәкімова А.Ж.**

«Келісемін»

Балабақша әдіскері

Л.Н.Жумабекова 



«Бектемін»

«Алақай» балабақшасының

менгерушісі

Н.К.Байсултанова 

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы.

Білім беру ұйымы:

«Алақай» балабақшасы»

«Құлыншак» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі:

2 апта, 13.05-17.05.2024 жыл.

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.05.2024	Сейсенбі 14.05.2024	Сәрсенбі 15.05.2024	Бейсенбі 16.05.2024	Жұма 17.05.2024
Балаларды қабылдау	Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін, денсаулығын сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасату, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру				
Таңертеңгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				

	Өз орнын тауып отыру. Ас болсын сөзін айтуды қалыптастыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту, ас қайыруды пысықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айтқызу. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Бір шаңырақ астында» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылату, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін тандау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша	Музыка маманының жоспары бойынша	Дене шынықтыру маманының жоспары бойынша
	Қазақ тілі Кітаптан ертегілер, көркем шығармалар оқып беруде олардың мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға, кейіпкердің іс-әрекетіне өз ойын білдіруге баулу.				
	Балалар біз демалыстан келгенше топтағы гүлдер шөлдеп. Ойыншықтар кірлеп қалған болар. Қане тобымызды ретке келтірейік. Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін	«Кім жылдам?» ойынын ойнату. Үстел үстіндегідей затпен бірдей немесе ұқсас заттарды жинату. Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім,	Балаларға көрші ел Ресей туралы ақпарат беру. Олардың ұлты орыс екенін және олардың ұлттық киімдерін көрсету, киіп би билетіп ән айтқызу. (көркем әдебиет, музыка)	Ғажайып қоржындағы ойыншықтарды таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қоржындағы ойыншықтар шығару, балалар	Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Балалардың

	сақтауды, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулуды жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу) «Әтеш пен Бұлбұл» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын баларға түсіндіру. (көркем әдебиет)	аяқ киім, ыдыс, жиһаз), байыту. Оларды санату, салыстырғызу (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексازдан жасап жабыстыру. (мүсіндеу)	Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Орыс халқының ұлттық орамалына карап, суретін салғызу. (сурет салу).	топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасату. (математика негіздері) Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету (құрастыру)	есімдеріне қарай теңеу айту ойыны. Асем ажарлы, Нұрали ақылды, Анель әдемі және т.б (сөйлеуді дамыту) Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуін жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Үстел үстінде бағыттар белгіленген карточкалармен ойын (математика негіздері)
--	--	---	--	--	--

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Балабақша ауласындағы ағаштарды санату. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. дағдысын дамыту (математика негіздері) Қимылды ойын «Хан талапай» Еркін ойындар	Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. (қоршаған ортамен танысу) Жанбырдың суын басып, құрғақ жерді басу арқылы іздер салғызу. Немесе бармен өз аяқтарын айналдыра сызу арқылы іздер салу. (сурет салу) Қимылды ойын «Поезд»	Көктемгі ағаштарды бақылату. Олардағы өзгерістерді бақылау үшін әр балаға ағаштарды суретке түсіру. Алдыңғы айдағы суреттермен салыстыру. Белгілерін тани білуін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»	«Полиция» ойынын естеріне түсіріп жол ережелерін пысықтап ойын ойнату. (қоршаған ортамен танысу) Табиғи заттардан (қардан) әр түрлі құрылымдар құрастырту (кұрастыру) Қимылды ойын «Өз түсінді тап»	Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет) Табиғатты бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоныздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықылдауы, шикылдауы, ұя салуы, балапан шығаруы жайлы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Трамвай»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта				

	киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлендер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындату : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану. Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс отыру, асхана құралдарын дұрыс ұстай білу, ұқыпты тамақтану , сөйлеспеу, алғыс айту) (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті) Ереже айту. (сөйлеуді дамыту) Бата жаттату.				
Күндізгі ұйқы	Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру. Киімдерді жинау, ілу, ересектің көмегімен оларды тазалау, құрғату. Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайлы баяу музыка тыңдату. Әртүрлі, балалардың қалауы бойынша ертегілер оқып беру (көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақ табандылықтың алдын-алу үшін түрлі жолдармен жалаң аяқ жүруді. Тыныс алу жолдарын шынықтыруды дамыту (дене жаттығулар мен белсенділігі) Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар).				
Бесін ас	Кезекшілердің жұмысы (асхана құралдарын, майлықтарды үстелге қою, соңынан жинау) Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптар қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі топқа бөліп ермексازдан әр балаға бір адам	Халықтар достығы дегеніміз не? басқа ұлт өкілдерін қалай танимыз? Суреттер арқылы әңгімелесу. (көркем әдебиет)	Топтағы ойыншықтарды санату, салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері)	Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша	Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу.

	пішінін жасату Екінші топта қағаздан әр бала адам сұлбасын қиып алған соң ұжымдасып қиып алған адамдарын қол ұстатып қосып жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру) Достық туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка)	Балаларды орталықтарға бөліп Әр түрлі ұлттың халық әндерін тыңдатып, би билету. (музыка) Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)	«Үш аю» орыс халық ертегісін оқып беру. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру (мүсіндеу) Конструктордан үйшік құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)	арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру) Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Топтағы ойыншықтарының суретін салу (Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру), мүсінін жасату, немесе қағаздан өздеріне ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Арсенге тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуға машықтандыру.	Жасминға бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету.	Айаруға өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру.	Арайлымға қала мен ауыл туралы айтуға үйрету.	Арманға тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету.
Серуенге дайындық	Киімдерін реттілік сақтап дұрыс киінуге үйрету. Достарына көмектесу. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
Серуен	Еркін ойындар Табиғи заттардан	Қимылды ойын «Шеңберге түсір»	Еркін ойындар Қимылды ойын	Еркін ойындар Қимылды ойын	Еркін ойындар Қимылды

	құрылымдар құрастыру. (Құрастыру) Қимылды ойын «Жоғары лақтыр»		«Жалауға қарай жүгір»	«Поезд»	ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Тәрбиешілер

Каримова Г.М
Кәімова А.Ж

Балабақша әдіскері

«Бекітемін»

«Алақай» балабақшасының

МЕНГЕРУНД

И.К.Байсултанов



Білім беру ұйымы:

«Алақай» балабақшасы»

«Күлыншак» ересек тобы

Жоспардың құрылу кезеңі:

3 апта, 20.05-24.05.2024 жыл.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 20.05.2024ж	Сейсенбі 21.05.2024ж	Сәрсенбі 22.05.2024ж	Бейсенбі 23.05.2024ж	Жұма 24.05.2024ж
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу	Алдар көсенің келуімен қарсы алу	Алғыс әнімен қарсы алу	Үш түрлі смайликпен қарсы алу	Сиқырлы сөзбен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу	Баланың тәртібі мен дамуы жайлы әңгімелесу	Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау	Баланың достарымен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу
Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Қимылды ойын: «Ұшақтар» Мақсаты: жүру, жүгіру қимылдарын орындайды.	Дид ойын: «Айырмашылығын тап» Танымдық дағдылар	Сюжеттік-рөлдік ойын: «Шаштараз» Коммуникативтік дағдылар	Дид ойын: «Түрлі-түсті заттар» Танымдық дағдылар	Еркін ойын

	Дене шынықтыру				
Таңертенгі жаттығу	КАРТотека № 17 I-Кіріспе Бір сапқа тұрып, бір-бірінің артынан жүру, аяқтың ұшымен жүгіру, адымдап жүру, өкшемен жүру. бір қатармен жүріп келіп 3 қатарға тұру. II-Негізгі бөлім 1. Б.қ.к аяқ алшақ, қол белде 1. басты оңға қозғалту 2. б.қ.келу, 3. солға қозғалту 4. б.қ.келу (5-6 рет) 2. Б.қ.к аяқ бірге, қол төменде 1. қолды алдыға созу 2 жоғарыға көтеру. 3. жанына түсіру 4. б.қ.келу (5-6 рет) 3. Б.қ.к аяқ бірге, қол төменде 1. қолды созу 2. отыру. 3. тұру, 4. б.қ. келу (5-6 рет) 4. Б.қ.к аяқ алшақ, қол белде. 1. алға қарай еңкею 2. тұру. 3. б.қ.келу (5-6 рет) 5. Б.қ.к аяқ бірге, қол төменде 1. қолды алға созу. 2. айқастыру (қайшы сияқты) 3. б.қ.келу (5-6 рет) III-Қорытынды 3 қатардан 1-қатарға келу, жүру, жүгіру, тыныс алу жаттығуларын жасау.				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қикымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) БАТА: ДҮЙСЕНБІ Елім гүлдеп жасасын. Жас ұрпағын қолдасын. Апта басы дүйсенбі. Жақсылыққа бастасын. Ас берсін, Бас берсін, СЕЙСЕНБІ Күніміз шуақты болсын. Деніміз қуатты болсын. Аптаның Сейсенбісі, Береке тұрақты болсын. Ірі болайық, Үлгі болайық,				

Ұзақ ғұмыр жас берсін! Әмин СӘРСЕНБІ Ұлысымыз ақты болсын. Ас тағам тәтті болсын. Аптаның үшінші күн, Сәрсенбі сәтті болсын. Ақ мол болсын, Үміт зор болсын, Ата анамыз Қайда жүрсе жол болсын. Әмин ЖҰМА Алладан тілек сұраңыз. Қабыл болсын дұғамыз. Жеті күннің сұлтаны, Қайырлы болсын жұмамыз. Өткенге иман, Тіріге береке берсін. Әмин					
Елім дейтін,жерім дейтін, Азаматтың бірі болайық. Әмин БЕЙСЕНБІ Күніміз мәнді болсын. Жүзіміз сәнді болсын. Бейсенбі мерекелі, Үніміз әнді болсын. Көңіл тоқ, Уайым жоқ, Қуанышты заман болсын. Әмин					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтауды,берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыруды,заттардың өзіне қатысты	Кұрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату(текше,пластина,кірпіш,блок)және атау дағдасын дамыту	«Көбелек» дәстүрден тыс сурет салу. Мақсаты: Жәндіктер туралы (қоңыз, көбелек, шыбын, құмырсқа), қыстап қалатын және жыл құстары туралы ұғымдарын кеңейту.	Қағаздан гүлдер құрастыру:	«Құстарға жем салғыш жасау»
		Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Қоршаған ортамен таныстыру	Қағаздан құрастыруға үйрету:қағаздың парағын ортасынан бүктеп,шиыршықтап, орамдарға айналдыра білу.	Мақсаты: Берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу,оны жақсы

	орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). Дид. ойын: «Кеңістік» Максаты: Кеңістікті бағдарлауға дағдыландыру. Математика негіздері	Қауіпсіздік ережелерін сақтауды пысықтау. Құрастыру			орындау. Табиғаттағы қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру және жануарлар мен өсімдіктерге күтім жасауға (өсімдіктерді қорғау, қыстап қалған құстарға жем беру) баулу. Қоршаған ортамен таныстыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру нұсқаушысы бойынша	Музыка жетекшісі бойынша	Дене шынықтыру нұсқаушысы бойынша	Музыка жетекшісі бойынша Қазақ тілі «Өсімдік» тақырыбына байланысты сөздермен таныстыру; сөз тіркестерін және шағын сөйлемдерді құрастыруға үйрету; «Не?» «Қандай?» деген сұрақтарға дұрыс	Дене шынықтыру нұсқаушысы бойынша

	Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өленді түсінеді. Сөйлеуді дамыту «Торғай» ойыны Мақсаты: Бояуларды ретімен қолдана біледі. Қоршаған ортаның әсемдігіне, эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру. Сурет салу	пішіндерді жабыстырады Жапсыру	көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды жүргізеді. Сурет салу «Ауладағы қауіпсіздік» Мақсаты: Табиғатта өзін ұстай білу ережелерімен таныстыру Қоршаған ортамен таныстыру	әдебиет	
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				

